

2021-2022 оқу жылы бойынша кеңес беру пунктінің атқарылған жұмысының қорытынды есебі

Қыркүйек айында кеңес беру пункті бойынша мектепке дейінгі мекемеге қатыспайтын сәбилік және м.д.кіші жастағы **6** балалардың тізімі құрылды. Кеңес беру пунктінің бірінші отырысында бөбекжай медбикесі ата – аналарға «Баланың денсаулығы біздің қолымызда» «Салауатты өмір салты дегеніміз не?» тақырыбында баяндама оқылды. Ата-аналар мұқияттындағы. Көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып жауап алды.

Қазан айында кеңес беру пункті бойынша ата - аналарға балабақша іс-әрекеті туралы парапашалар дайындалып таратылды. Ата - аналарға «**Өз балаңызды білесіз бе?**» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнамаға **6** ата-ана қатысты.

Қараша айында кеңес беру пунктінің ата – аналарына **«1-2 жастағы балалардың отбасы мен мектепке дейінгі үйымдардағы қауіпсіздігі»** тақырыбында кеңестер берілді. Ата-аналар белсенділік танытып, сұрақтар қойып, жауап алды.

Желтоқсан айында кеңес беру пунктінің ата - аналарына **«Бала өміріндегі ертегінің рөлі»** тақырыбында презентация түрінде кеңестер мен ұсыныстар берілді. Барлығы **6** ата-ана қатысты.

Қаңтар айында кеңес беру пунктінің ата – аналарына логопед маманымен бірлесіп **«Бақытты отбасы әліппесі»** тақырыбына слайд жасақталып ойындар ойнатылып, кеңестер берілді. Ата-аналар логопед маманынан кеңестер алып, сұрақтарына жауап алды.

Ақпан айында кеңес беру пунктінің ата-аналарына **«Балалармен демалыс»** тақырыбында логопед маманымен бірлесіп демалысты баламен қалай тиімді түрде өткізуге болатыны туралы қысқаша айтылып ұсыныстар берілді.

Наурыз айында кеңес беру пунктінің ата - аналарына **«Баланың үйдегі қимыл белсенділігі»** атты жадынама таратылды.

Сәуір айында кеңес беру пунктінің ата - аналарына **«Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдаудың ерекшеліктері»** тақырыбында ерекше білімді қажет ететін балалармен қалай жұмыстануға болатының және қандай мамандар жұмыстанатыны туралы слайд жасақталып ата - аналарға толық мәліметтер берілді.

Мамыр айында кеңес беру пунктінің ата - аналарына **«Ерте жастағы балаларды МДҰ жағдайларына бейімдеу»** атты слайд жасақталып түрлі кеңестер беріліп жадынамалар таратылды